

Көкшетау қаласының жылумен жабдықтау объектілерінің жай-күйін жақсарту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 шілде N 1038

Көкшетау қаласының жылумен жабдықтау объектілерінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кезек күттірмейтін мұқтаждары есебіне Ақмола облысының әкіміне 213 000 000 (екі жүз он үш миллион) теңге, оның ішінде: 130 000 000 (бір жүз отыз миллион) теңгені - N 2 Көкшетау аудандық

қазандығы кешенін пайдалануға беруді аяқтау үшін;

83 000 000 (сексен үш миллион) теңгені жылу тораптарын қалпына келтіру үшін бөлсін.

2. Ақмола облысының әкімі бөлінген ақшаны уақытылы игеру және Көкшетау қаласының жылумен жабдықтау объектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.